

**«Қазақстандағы жеке капитал нарығы және оның даму  
перспективалары» тақырыбы бойынша  
зерттеу нәтижелері туралы есепке аннотация**

**Зерттеудің мақсаты** Қазақстандағы жеке инвестициялар нарығын дамыту перспективаларын зерделеу және жеке капитал нарығын дамыту және жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу болып табылады.

**Міндеттері:**

- 1) Қазақстандағы қолданыстағы жеке капитал нарығын бағалау үшін жеке капитал нарығы туралы ақпарат көздерін, ақпаратты өңдеу және талдау әдістерін анықтау және іздеу;
- 2) жеке капитал нарығының көрсеткіштерін талдау және оларға әсер ететін факторлармен корреляцияны қоса алғанда оларды сандық бағалау;
- 3) нарық әлеуетін бағалау үшін эконометрикалық талдау жүргізу;
- 4) алынған ақпарат негізінде жеке капитал нарығын дамыту және жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** Қазақстан Республикасының жеке капитал нарығы және оның негізгі қатысушылары болып табылады.

**Әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық** база әлемдегі жеке капиталдың әртүрлі экономикалық факторларын (детерминанттарын) талдауды және олардың тікелей инвестициялар қорларының инвестициялық шешімдеріне әсерін бағалауды, сондай-ақ Қазақстандағы жеке капитал нарығы көрсеткішінің кейбір вариацияларын түсіндіру үшін талдау нәтижелерін пайдалануды қамтиды.

**Қысқаша қорытындылар мен ұсынымдар:**

1. Қойылған жоспарлы міндеттерге сәйкес әртүрлі халықаралық ғылыми базалардың ғылыми жарияланымдарына сыни талдау жасалды. Талдау нәтижесінде әлемдегі жеке капитал нарықтары бойынша зерттеулер мен ғылыми жарияланымдар саны әлемдік қаржы дағдарысынан кейін 2008 жылдан бастап қарқынды өсе бастағаны, сондай-ақ олардың саны қаржы нарықтарының дамуына кері әсерін тигізген әлемдік мұнай бағасының үлкен құбылмалылығы (2013-2015 жж.) және пандемиялық дағдарыстың (2010-2021 жж.) кезеңінде өскені анықталды.

2. Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер базаларын талдау олардың географиялық бағыты негізінен дамыған елдерге қарағанда Азияның дамушы елдерінің, әсіресе Қытай, Үндістан және Латын Америкасының нарықтарына бағытталғанын көрсетті. Бұл тікелей инвестициялау стратегияларының барлық нысандарын дамыту саласындағы үрдістердің серпінділігін, атап айтқанда, бір жағынан дамушы нарықтардағы венчурлық қаржыландырудың рөлін күшейтуді көрсетеді және екінші жағынан бүгінгі күні, сондай-ақ жақын болашақта жеке капитал қозғалысының бағыттарын анықтауға мүмкіндік

береді.

3. Корреляциялық талдау жүргізу нәтижесінде корреляция коэффициенттерінің мәндері айырбас бағамының көрсеткіштері, Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі және елдің ЖІӨ көлемі жеке капиталды тартуға оң әсер ететіндігін көрсетті. ЖІӨ-нің өсу қарқыны, сауданың ашықтығы, салықтар, жұмыссыздық пен жұмыспен қамту деңгейі, сондай-ақ инфляция сияқты қалған факторлар қаралып отырған кезеңде республиканың алған жеке капиталының таза көлемімен теріс корреляцияланады.

4. Қазақстандағы жеке капитал нарығына және ұлттық экономикада жинақталған проблемаларға жүргізілген талдауға сүйене отырып, мынадай негізгі ұсынымдар дайындалды: «тікелей инвестициялар» ұғымын тұжырымдау және жеке тікелей инвесторлардың қызметін регламенттеу бөлігінде нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру, «Қазына капитал менеджмент» АҚ қорының мәртебесін заңнамалық деңгейде жеке инвесторлар үшін кепілдіктерді көрсете отырып бекіту, дамыған елдер мысалында инвесторлар үшін әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу және капитал нарығындағы мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың үлесін қысқарту.

### **Жетекші орындаушылар бойынша ақпарат**

1. Зерттеу жетекшісі – Динара Рахматуллаева, PhD
2. Жетекші орындаушы – Толқын Какижанова, э.ғ.к.

### **Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды жариялауы туралы ақпарат**

2 мақала жарияланды:

1. «Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы» 2023 – №2 (51) журналында "Еуропалық Одақтағы және Қазақстандағы жеке капиталдың детерминанттарын бағалау  
<http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/filevestnik/2cbde6a57920bc4104491ec9b4d1caca.pdf>
2. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы» 2023 – №4 (53) журналында «Жеке капитал нарығы: халықаралық тәжірибе және қазақстандық тәжірибе»  
<http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/filevestnik/c660d0a01a7cc01ad99b6a2385bbcc62.pdf>